

**ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ
ҰҒЫМЫН МӘДЕНИ-
ФИЛОСОФИЯЛЫҚ
ТАЛДАУДАҒЫ
АЛҒЫШАРТТАР**

Толеранттылық ұғымы ғасырлар бойы өзінің қалыптасу кезеңін бастан кешіп келеді. Оның негізгі мәселелері антикалық дәуірмен байланысты. Толеранттылық антикалық ойшылдардың зерттеу пәні болмаса да кейіннен дами түскен көптеген теориялық қағидаларға негіз қалады.

Жалпы алғанда, толеранттылықтың негізі – өзінің «басқаға, бөтенге» қатынасын бақылау болып табылады. Бұл күнделікті кездесетін, тұрмыстық деңгейден бастап кәсіби қарым-қатынас жасауға дейінгі аралықты қамтитын мәселе болып саналады.

«Толеранттылық» терминін саралау барысында ғалымдар арасында елеулі қайшылықтар туындайды. Біраз жағдайда оны тікелей «төзімділік» сөзімен байланыстырады. Қазақ тілінде «төзім» сөзі «шыдам», «сабыр», «тағат» мағынасында да қолданылады. Яғни, «төзімді болу» – басқаға, оның ісіне, құбылыстарға шексіз төзу, шыдауды білдіреді.

Толеранттылық қазіргі ғылымда әр түрлі аспектіде қарастырылады: әлеуметтік, діни, саяси, жыныстық, этникалық, т.б. Осылардың ішінен біздің зерттеу пәнімізге байланысты этникалық толеранттылықты жеке бөліп қарастыру болып табылады. Этникалық толеранттылықтың философиялық негізі – басқаның, өзінен айырмашылығы бардың өмір сүруі фактісінің өзі болып табылады. Ал оның түпкі мәніне жету үшін ең алдымен «этникалық» түсінігіне тоқталып өткен жөн. «Этнос» терминін қарастырғанда көпшілік авторлар Ю.В.Бромлейдің анықтама-сын негізге алады. Оның айтуынша «этнос – бұл белгілі территорияда тарихи қалыптасқан, салыстырмалы түрде тұрақты тіл, мәдениет және психикалық ерекшеліктерге, сол сияқты өзіндік атауында көрінетін өзінің бірлігі мен өзгелерден ерекшелігін (өзіндік сана) түйсінетін адамдардың тұрақты жиынтығы» [1]. Этнос табиғатын түсіндіруге арналған басқа да тұжырымдар көптеп жасалды. Л.Н.Гумилев этносты ең алдымен табиғи құбылыс ретінде қарастырды. Оның түсінігінде этнос – «бұл өзін басқа өзі сияқты ұжымдарға қарсы қоятын (біз – біз емес), ерекше ішкі құрылымға және мінез-құлық стереотипіне ие адамдар ұжымы (динамикалық жүйе)» [2]. Этномәдени білім беру мәселесін зерттеу барысында Ж.Ж. Наурызбай «этнос» ұғымын тайпадан жоғары қауым, ұлт (национальность) және нация ұғымдарын жалпылаушы термин ретінде қолданады [3].

Әдетте, толеранттық басқаның өзгешелігін қабылдасан да, оған саналы түрде «шыдамдылық» таныт деген сөзге саяды. Алайда жаңа қоғамдағы толеранттық туралы зерттеушілер әр алуан пікір білдіреді.

Мәселен, бір ғалымдар: «Толеранттық – бұл басқаның өзгешелігіне қызығушылық таныту, оны түсіне білуге ұмтыла отырып, онымен бірге жағымды әсер таныту», – десе, енді бірі «Толеранттықтың ерекшелігі – өзіне тән маңызды ерекше қасиеттерді сақтай отырып, өзгені қабылдау қабілеті», – дейді [4].

Г.Д. Дмитриеваның пікірінше, «толеранттыққа тән ерекшелік – мәдени әдет-ғұрыптары сан алуан адамзаттың бір-бірін құрметтеуі – себебі, әлемнің өзі сан алуан, ендеше, оған көзқарасты да біз біртектілікпен бір арнаға біреудің пайдасы үшін тоғыстыра алмаймыз» [5].

Басқаның өзгешелігін бағалай білгің келмей, аз ғана мөлшерде толеранттық көзқарастан ауытқу арандатушылық пен саналы түрде адам өміріне қауіп төндіру, тіпті, геноцид, экстремизм, агрессия, фашизм әрекеттеріне дейін әкелуі мүмкін. Міне, сондықтан да толеранттық – бүгінде маңызды да күрделі феномен. Ол көп ұлтты, көп конфессиялы Қазақстан үшін де аса маңызды.

Зерттеулерге сүйенсек, диалог пен төзімділік мәдениеті тарихта бұрын-соңды дәл қазіргідей зәрулік тудырмады. Өйткені өткен дәуірлердегі алып мемлекеттер халықаралық деңгейдегі саяси және құқықтық қатынастарында келісім қағидасынан бұрын соғыс қағидасына көбірек арқа сүйейтін. Саяси, идеологиялық, мәдени және діни айырмашылықтары негізінде жер бетіндегі түрлі өркениеттердің арасында қазіргі жаһанданған дүниедегідей тығыз қарым-қатынастар болмады. Орта ғасырларда халықаралық құқықта басымдық танылатын принцип «соғыс құқығы» болатын. Мұндай қағида тек қана халықаралық деңгейде емес, мемлекеттердің ішкі саясатында да аса маңызды қағида болып саналатын. Орта ғасырларда Еуропаның көптеген елдерінде діни, мәдени өзгешелікке деген төзімділік кездеспеді. Мемлекеттің ресми идеологиясына қайшы келетін діндердің, мәдениеттің өмір сүруге құқы болмады. Сондықтан орта ғасырларда әлемде соғыс пен жаулап алушылыққа негізделген саяси-құқықтық мәдениет ықпалды еді. Ал қазіргі жаһандану дәуірінде мемлекетаралық, өркениеттер арасы диалог адамзаттың болашағы үшін аса маңызды фактор ретінде күн тәртібінің негізгі мәселелерінің бірі болып отыр.

Толеранттық ұғымы алғаш рет батыста діни салада пайда болып, кейіннен басқа ұғымдарға

негіз қалады. Антикалық әдебиеттерде толеранттылық сөзі көп кездеспеген. Толеранттылық идеясының өзектенуіне Орта ғасырда шіркеу билігінің әсіре төзімсіздігі, еркін ойшылдарды қудалауы, сондай-ақ Европадағы католиктер мен протестанттар арасындағы отыз жылдық соғыстар т.б. түрткі болған. Либералды ойшылдар арқылы бұл ұғымның келісім, ұстамдылық мәні XVI ғасырда бекісе, XVII ғасырда ол ұждан еркіндігі, өзге сенім иелеріне түсіністікпен қарау мағынасын білдірді. XVIII ғасырда толеранттылық ұғымы азаматтық қоғамның негізгі құндылықтарының біріне айналып, сөз еркіндігі, ой бостандығы ұғымдарының беки түсуіне негіз қалады. XIX ғасыр ойшылдары оны көп-түрлілік пен демократияның бөлшегі ретінде қарастырды. Бүгінгі ғасырда толеранттылық белсенді адами идеология ретінде әртүрлі ұлттар мен ұлыстар, әлеуметтік топтар, өзгеше ұлттық мәдени, діни әрі әлеуметтік орталар арасындағы ықпалдастық пен өзара құрметке негізделген түсініктік теоремасына айналып, бүгінгі уақытта ол әр халықтың қастерлі құндылықтарын бағалай білу, өз ерекшелігінді басқаларға таңбау, адам құқығы мен бостандығы, плюрализм, басқа ой-пікірге, наным-сенім, іс-әрекет, әдет-ғұрып, сезім-күйге, идеяларға төзімділік, жұмсақтық көрсете білу қасиеті деген ұғымдарды білдіруде.

Толеранттылықты әлемдік мәдени аренада көрсету бай және тарихи оқиға болып табылады. Антикалық діни мифологиялық кезеңде толеранттылықтың кейбір нышандары байқалған.

Толеранттылық көпжақты сөз ретінде қоғамдағы демократия, адам құқықтары мен бостандығы, диалог мәдениеті, мәдениетаралық байланыс, саяси плюрализм, этикалық плюрализм, мәдени плюрализм ұғымдарымен тығыз байланысты. Ол сондай-ақ мына салаларда да кең қолданыста: әлеуметтік, жеке, саяси, құқықтық, идеологиялық, коммуникативті, этикалық, дүниетанымдық, психологиялық, діни-конфессиялық т.б.

Өткен ғасырдың 60-шы жылдары батыс әдебиетінде толеранттылық мәселесі туралы пікірталастар азаймады. Сонымен қатар ол ол батыс ойымен қоғамының дәстүрлі түрде мәселесі болып қоймай, жаһандану әлеміндегі жаңа мәселе болып табылған.

XX ғасыр мемлекеттер мен халықтар арасында ақпараттық қоғаммен халықаралық байланыстардың кеңеюіне сәйкес шекарадағы жағдай төмендеуді. Осының барлығы әлемде көп болып жатқан қақтығыстарға әкелді, этникалық, діни және экономикалық мәселелер халықаралық деңгейде төмендеді.

Сондықтан да қазіргі уақытта қоғамның дамуына алдыңғы қатарда жалпы тіршілік ету, еркін даму, этика, зорлық көрсетпеу стратегиялары, өзгелерге және өзгелердің позицияларына төзімділік көрсету идеялары, диалог идеясы және өзартушілік сияқты ұғымдар алдыңғы қатарға қойылуда. Бұл толеранттылық феноменін қайта қарастыруға, заманауи қоғамдағы адамның ролін анықтауға, сонымен қатар философия әлеміндегі барлық адамзаттың өкілдерінің тіршілік жолдарын іздеуге әкеледі.

«Толеранттылық» мәселесі жоспарлы түрде әр қырынан қарастыруды қажет етеді. Берілген мәселені зерттеуде не жасалғанын, ненін істеу керек екенін және жұмысты орындауда қандай жақтарын талдау керек екеніне мән беру қажет.

Толеранттылық мәселесінің алдында барлық өркениет пен мәдениет тұрды. Әр дәуір бұл мәселені өзінше шеше білді. «Бұл адамзаттың универсальды мәселесі және ол әртүрлі стратегияларды ескеріп, әртүрлі өркениетті қабылдау болып табылады» [6]. «Толеранттылық» ұғымын, әртүрлі түсіндіруге болады («төзімділік», «төзу», «сабырлық», «шыдамдылық» және т.б.) және оның аспектілерін әр мектептің өкілдері және тарихи философиялық ойлардың ағымдары қозғады. Бұл категорияны зерттеудің тарихи маңызы зор.

Егер бұл ұғымның антикалық дәуірде мазмұнына тоқталатын болсақ, онда тек қана ол ұғым діни төзімділікке негізделгенін байқаймыз. Бұл сол кезеңдегі басқа діни ағымдарға деген төзімділік екенін байқауға болады. Себебі ежелгі гректермен римдіктерде жалпыға ортақ діни культ болмаған, олар әрқайсы жеке салыстырулар жасап, әртүрлі халықтардың құдайларымен, ерекшеліктерін, атауларын және функцияларын салыстырған. Егер олардың ұғымдарына сәйкес келіп жатса ғана, ол құдайлар гректермен римдіктердің пантеонына қосылған.

Аталған мәселені зерттеу сонау антика заманынан басталғанын көруге болады. Атап айтқанда бұл мәселе Аристотель мен Гералиттің [6] еңбектерінде кездеседі және ол қазіргі заманғы зерттеулермен сәйкес келеді, яғни батыс еуропалық зерттеулерде, отандық әлеуметтік философияда, мәдениеттануда, антропологияда және публицистикалық ойларда көрініс тапқан.

«Толеранттылық» ұғымының анықтамаларын әркім әртүрлі айтқан: Аристотель «алтын ортаға» жету [6]; Фома Аквинскийден «азапты жеңу» [7]; Эразм Роттердамскийде «ләззаты жеңу» [8]; А.Смит пен Д.Юмде «ұнау» [9]; Ж.Ж.Руссо мен А.Шопенгауэрде «аяныш білдіру» [10];

И.Кантте «жалпы адами міндет» [11]; И.В.Гегеледе «ақылдың теңдік өлшемін сақтау» [12]; К.Ясперсте «сақтау принципі» [13]; Ж.П.Сартрде «басқаға деген менің қарым-қатынасымның ішкі регуляторы» [14]; А.Камюде «өзіндік үнсіздікті жеңу» [15]; Л.Витгенштейнде «әртүрлі тілдік формалардың болуы» [16]; А.Н.Уайтхед «жоғары өркендеуге деген міндетті талап» деп түсіндіреді [17].

Толеранттылық көпжақты сөз ретінде қоғамдағы демократия, адам құқықтары мен бостандығы, диалог мәдениеті, мәдениетаралық байланыс, саяси плюрализм, этикалық плюрализм, мәдени плюрализм ұғымдарымен тығыз байланысты. Ол сондай-ақ мына салаларда да кең қолданыста: әлеуметтік, жеке, саяси, құқықтық, идеологиялық, коммуникативті, этикалық, дүниетанымдық, психологиялық, медико-биологиялық, діни-конфессиялық, ұлттық-этникалық, гендерлік, нәсілдік, педагогикалық, тұрмыстық т.б

Толеранттылықтың тамыры терең және оны әлеуметтік өмірдің өткінші құбылысы ретінде бағалауға болмайды. Толеранттылық адам табиғатының мәнді сипаты, оның рухани кемелділігінің көрсеткіші. Толеранттылық екі немесе одан да көп қауымдастықтардың күш тепе-теңдігінен де туындамайды. Күш тепе-теңдігі тым тұрақсыз және азды-көп уақыт аралығында тез өзгеріп отырады. Толеранттылық әлсіздің әлдіге бағынуынан да туындамайды. Өйткені, әлсіз өзінің әлсіздігін әрдайым сезініп отырады және ішкі наразылық ерте ме, кеш пе лап етіп сыртқа шығады. Толеранттылық шексіз төзімділік те емес, адам қорлыққа төзбейді, қорлыққа төзген адам адами ада болады.

Толеранттылық жеке тұлғаның ішкі рухани күйі. Қоғамда осындай толерантты тұлғалар неғұрлым көп болса, оның тұрақтылығы да жоғары болады. Жеке тұлғалық толеранттылық өмірлік тәжірибе мен әлеуметтік қарым-қатынастың, үздіксіз рухани ізденістің жемісі. Бұл үдерісте отбасынан басталатын тұлғалық әлеуметтенудің маңызы зор.

Адам болмысының мәнді категориясы ретіндегі толеранттылық әділеттілік ұғымымен тығыз байланысты. Әділеттілік болмаған жерде толеранттылық та орнамайды. Алайда, әділеттілік туралы айтқанда оны саяси сипатымен шектеуге болмайды. Тағатсыздықтың қаралы үлгісін көрсеткен төңкерістердің бәрі әділеттілікті орнату, адамды адамның қанауын жою ұранымен жүзеге асты. Әділеттілік адам бойындағы априорлы сезім. Адам осы сезім негізінде жеке тұлға мен

қоғам өмірінде орын алған немесе орын алуы тиіс оқиғаларға баға береді. Әділеттілік – қоғам мен ғарыштағы үйлесімділіктің сақталуы. Үйлесімділіктің бұзылуы әділетсіздікке әкеледі. Әділетсіздік тағатсыздықты туындатады. Діни дүниетаным аясында қалыптасқан осы түсінік адамдардың санасында ұялап, олардың іс-әрекеттері мен жүріс-тұрысына ықпалып ететін бағдарлық ұстанымға айналды. Мәселе бұл түсініктердің ақиқаттылығында немесе жалғандығында емес, олардың әлеуметтік перменділігінде. Сөйтіп, діни дүниетаным адамның бойында өз өмірі мен әлеуметтік болмысты бағалаудың өлшемдерін қалыптастырды.

Толеранттылыққа қарсы «интолерантность» деген ұғым пайдаланады. Оны төзімсіздік, ымырасыздық, шыдамсыз, тағатсыз, кейісті, менмендік, бірбеткей, парықсыз деп адам, әлеуметтік топтар, мемлекеттерге байланысты айтуға болады.

Толеранттылық мәселесінің алдында барлық өркениеттер тұрды. Әр дәуір бұл сұрақтарды өзінше шешті. «Бұл адамзаттың универсалды мәселерінің бірі болды, яғни ол болашақта да әр өркениетте қабылданған стратегияларға сәйкес зерттелуі қажет» [18]. Толеранттылық (лат. *tolerantia* – төзімділік, көнбістік) – басқа ойға, көзқарасқа, наным-сенімге, іс-әрекетке, әдет-ғұрыпқа, сезім-күйге, идеяларға төзімділік, жұмсақтық көрсете білу қасиеті. Толеранттылық – адам құқығы мен бостандығы, плюрализммен қатар негізі демократиялық принциптердің бірі болып есептеледі. Толеранттылық – қоғамның жалпы және саяси мәдениетінің деңгейінің көрсеткіші.

Толеранттылық латын тілінен аударғанда *tolerantia* – шыдамдылық, өзге көзқарастарға, мінез-құлықтарға, әдеттерге төзімділік таныту, қолайсыз әсерлердің ықпалын бастан өткізе алушылық деген мағынаны білдіреді.

Толеранттылыққа қарама-қарсы қайшылықтардың (интолеранттылық) адамзат тарихының барлық кезеңінде де болғаны рас. Интолеранттылық шыдамсыз, үрейлі адам, кінәні өзінен емес басқа адамнан іздейді.

«Толерантный» («толеранттылы»), «Толерантность» («толеранттылық») сөзі лат. тілінен, француз тіліне кейін еуропа тілдеріне енген. Оны «төзімділік» деп аударып жүрміз. Бірақ кейбір көзқарастар, мысалы, Татьяна Марголина төзімділік (терпимость) пен «толеранттылық» ұғымдарын ажырата келе, төзімділік өзгеге жол беру және оның амалсыздан істелетін шара екендігін айтса, «Толеранттылық» адам өз еркімен және саналы түрде баратын белсенді әлеуметтік мінез-құлық деп баға береді [19].

Шындығында, оның мәні қазақ тілінде терең: шыдамдылық, ымыраластық, байсалдылық, кісілік, ізгілік, кемелін таңдау, келісім табу деп жалғастыра беруге болар. Сондықтан бұл категорияны зерттеу үшін ұзақ жылғы тарихы қарастыру керек.

Жабайы қоғамда толеранттылық өмір сүру норма ретінде, яғни индивид қоғамның, тайпаның бөлшегі болды. «Алғашқы қауымдағы адамда өзінің еркі, өмір сүру тайпаның заңдылықтарына, әлеміне «рухынаә, өздері шығарған құдайларымен тотемдеріне сәйкес өмір сүрген. Адам- тірі табиғаттың бөлшегі» [7].

Үнді дінімен Қытайдың конфуциандық идеологиясында қоғамда адам өзіне тән ерекшелігі жоқ абсолют ретінде қарастырылды. Адамдарға деген басты талап «табиғилық» болды. Көне үнді мен қытай ойлау санасында парадоксальды логика басым болды. Парадоксальды логиканың негізгі принципін Лао-дзы былай сипаттаған: «Ақиқат сөздер міндетті түрде парадоксальды болып көрінеді» және Чжуан-цзы: «Біреу ол – біреу. Яғни, біреу емес ол да – біреу». Бұл парадоксальды логиканы оң сипаттау: яғни ол бар және ол жоқ. Басқа сипаттау теріс: «бұл ол болып табылмайды, бұл да емес» [7]. Парадоксальды логиканының негізі ойда емес оның іс-әрекетінде болып табылады. Дұрыс ой жоғары ақиқат болып табылмайды және үнді және қытайдіндері арқылы ол сақталмайды, сондықтан да басқа адамдармен күресудің қажеті жоқ, парадоксальды ой төзімділікке және өзінді жетілдірудегі бағытты күшейтуге әкеледі.

Толеранттылық мәселесі антика философтарының басты қарастырған мәселесі болмады. Бірақ, соңғы ғасырдардағы көптеген ойшылдар өздерінің толеранттылық туралы еңбектерінде антика философтарымен саясаткерлерінің идеяларына жүгінеді.

Ерте грек әдебиеттерінде – Гесиода лирикасында, Гомерде, жеті данышпанның афоризмдерінде спецификалық түрде жекеден жалпы, бір адамның мақсаты басқа адамның мақсатымен қарастырылған. Эфес Гераклиті бойынша: «Құдайда бәрі тамаша, жақсы және әділ, адамдар оны әділетсіз деп есептесе, басқалар әділетті деп есептейді» [6].

Грек қоғамында төзімділіктің айқын көрініс табуы ол софистер кезеңі болып табылады: олардың пайда болуы, кең таралуы, ұзақтығымен нәтижелігі. Бұл қозғалыстың нәтижесі- сендіруді қалыптастыру, яғни «жеке адамзаттық индивид халықты, қауымның мемлекеттің ғана

өкілі емес, сонымен бірге өзі мен өзі этикалық құндылықтарға да ие» [11].

Софисттер философияға адамды түсінудің басқа жағын көрсетті, оған Протогордың атакты мына нақылы куә бола алады «Адам барлық заттың мөлшері». Адам бір ғана универсумның көрсеткіші емес, нақты пайда болған ақиқаттың көрсеткіші, яғни оны барлық дәстүрмен мен заңдарды сақтайтын жаратушы қоршаған. Осыдан барып философияда адамды түсінудің жаңа түрі пайда болды. Ол әлемдік заңдарды пассивті емес қабылдаушы, универсумның кез-келген көрсеткіші, беретін пассивті емес ол сол жаратушы қоршаған дәстүрмен заңдарды сіңіруші. Софистердің бұл негативті ақиқатына қарамастан, олигархиялық ортадан шығып отырған (алдымен Платонмен Аристотельден), олардың көп еңбектері де, олардың оппоненттерінің шығармаларында бұл қозғалыс жастар арасында өте танымал болды. Бірақ бұл жерден толеранттылық нышандарын байқадық деп қателік болар еді.

Негізінен Аристотельдің өзінің қайырымды ретінде көзқарастары арнайы атаулары болмаса да қызығушылық тудырады. Бұл қайырымдылық мейірімділікке ұқсас, бірақ «қобалжумен байланыссыз және кіммен қарым-қатынас жасайсын онымен махаббат бола алмайды деп есептейді» [6]. «Мұндай қайырымдылыққа ие адам бірдей кейіпте оны танитын адамдарға немесе танымайтындарға бірдей көрсетеді. Аристотельдің айтуынша мұндай адам «басқа адаммен қарым-қатынас жасауда дұрыс өмір сүреді». Бұл қайырымдылықтың «алтын ортасын» жалпы толеранттылық деп атауға болады.

Дін саласы – қоғам өмірін құраушы маңызды салалардың бірі. Сондықтан да бұл саладағы дінге сенетіндер мен сенбейтіндер, бір конфессияның түрлі бағыттары, түрлі наным-сенім өкілдері арасындағы өзара құрмет пен сыйластыққа, мәдениеттілік пен сыпайылыққа негізделген толерантты қатынастардың болуы қоғамның тыныштығына тікелей әсер ететіні сөзсіз. Әуелі діни салада орныққан толеранттылық түсінігі кейіннен барып басқа да маңызды ұғымдарға негіз қалаған.

Діни толеранттылық дегенде басын ашатын бір тұс, басқа сенімге толеранттылық таныту деген сөз өз діни сеніміңнен бас тартуды я болмаса жеке тұлғаға не қоғамға зияны тиетін қандай да бір діни құбылысты сынға алмау керектігін білдірмейді. Ол өзгенің діни сенімін ақиқат деп танып, дүниетанымын өзіңе тұтастай қабылдау алу түсінігінен де алыс. Өйткені бұндай жағдай дінге сенушілердің бір жерде бейбіт қатар өмір

сүруін қиындатып, қайта олардың арасында өзара діни төзімсіздікті туындататыны анық.

Ерте христиандық әдебиеттерде толеранттылық идеясы алғаш рет тарихи форма ретінде – діни төзімділікке ие болды..

Толеранттылық ұғымы XV ғасырда неміс теологы әрі философы николай Кузанскийдің «De pace fidei» еңбегінде философиялық сипат иеленді. 1453 жылы мұсылмандардың Константинопольді азат етуінен кейін қолға алынған еңбекте Кузанский бұл оқиғаның өзін қатты жабырқатқанын кітабының басында былай деп білдірген: «Бұрынырақта Константинополь аймағын көзбен көрген адам ретінде соңғы жылдары түріктердің патшасының озбырлықпен істеген ісі себепті Құдайға деген махаббатпен күйіп-жандым. Нәтиже ретінде қос дін (ислам мен христиандық) арасындағы ғұрыптардың өзгешелігі себепті қатаң түрде орын алған зұлымдықты тоқтату үшін жан жүрегіммен жылап тұрып барлық нәрсенің жаратушысы Тәңірге бет бұрдым» [18].

1893 жылы Чикагода (АҚШ) Әлемдік діндер Конгресі өткені мәлім. Осы конгресс аясында Діндердің әлемдік парламенті құрылды. Осы бас қосуда бейбітшілікті сақтау мақсатында қоғам назарын діндер арасы диалогтың қажеттігіне аударылды. Тіпті алғаш рет Біріккен діндер ұйымын (БДҰ) құру туралы мәселе көтерілді.

1964 жылы 19 Май айында Рим Папасы Павел VI Христиан еместер бойынша Хатшылық құрды. 1988 жылдың 28 Маусымында Рим Папасы Иоанн Павел II бұл хатшылықтың атауын Дінаралық диалог бойынша Кеңес деп өзгертті. Кеңес құрамына бүгінде шешім қабылдау органы, кеңесші орган және атқарушы орган кіреді.

II Ватикан соборында Рим католик шіркеуіне қарасты Папаның дінаралық диалог бойынша Кеңесі Nostra Aetate декларациясы бойынша төмендегідей міндеттемелерді бекітті:

1. Католиктер мен басқа да дін өкілдері арасындағы өзара түсіністікті, құрметті және ынтымақтастықты арттыру;
2. Діндерді тереңдеп зерттеуді қолдау;
3. Диалог ісін жүргізетін адамдарды қалыптастыруды қолға алу [19].

Жалпы алғанда, қазіргі уақытта толеранттылық ұғымның мәні артып отыр. Діни төзімділікті қалыптастыруға бүгінде мемлекетаралық деңгейде назар аударылып отырғаны да осының айғағы.

Діни мәселерді шешуде онтайлы шешімдер жасау дінаралық келісімді нығайтуға септігін тигізеді. Бұл үшін діни бірлестіктер қызметін

реттеу, адамның санасымен адамгершілік нормаларына зиян тигізетін діни бірлестіктердің қызметтеріне жол бермеу, кәметтік жасқа толмағандардың, қарттардың, мүгедектердің әлеуметтік-психологиялық осалдығын пайдалануға тиым салу, діни ғұрыптармен рәсімдерді өткізу кезінде адам құқығын сақтау, бұл діни төзімділік қағидаттарының баянды болуының шарты. Әлемдік және дәстүрлі діндерде адамдардың мал-мүлкіні, ар-намысына, бас бостандығына қол сұғуға тиым салған.

Сонымен қатар толеранттылық ұғымы конвенционализм ұғымымен тығыз байланысады. Ол латын тілінен аударғанда – келісім, философиялық қағида ретінде, логиканың қағидаларын тек келісімділіктің шарттары деп есептейді. Сирегірек, конвенционализм термині этикада императивтік пен конвенционалдықты (келісімділікті) бір-біріне қарсы қойғанда қолданылады.

Р. Карнап конвенционализмді жарасымдылық (төзімділік) қағидасы ретінде қарастырып, ғылымның және қоғамның ережелерін қалыптастырғанда тілдің рөлін ерекше атап өтеді. Егер «конвент» сөзінің ағылшын тілінде де, француз тілінде де заң шығарушы мәжіліс екенін, ал «конвенция» сөзінің келісім-шарт ұғымын беретінін ескерсек конвенционализм консенсустың идеялық платформасы деп қарауға және жеке адамдардың, топтардың, мемлекеттердің, әртүрлі саяси күштердің пікірлерін келістіру арқылы ортақ келісімге келуге мүмкіндік беретін саяси бағыт ретінде қарастыруға болады. Конвенционализм саяси философия ретінде – қоғамның ашықтығының, қабылданған саяси шешімдердің сапасын тексеру мүмкіндігінің белгісі деп түсінуге болады.

Имандылықтан туатын құндылықтарды әділеттілік, турашылдық, ар-ұят, намыс, сабыр, төзімділік, жомарттық, шыншылдық, мейірімділік, ата-анаға құрмет, отансүйгіштік, қанағатшылдық, тазалық, махаббат, адамды сүю, жүректілік деп тізіп, жалпы парасат (фазилат) құндылықтарына, ал имансыздықтан туындаған зұлымдық, жалғандық, екі-жүзділік, опасыздық, менмендік, қорқақтық, сияқты жаман қылықтарды масқаралық (разилат) сипатына жатқызып, бұлардан аулақ болуды ескертеді. Конвенционализм адамның бағынышты болуы қиын әлем екендігін, оны тек табиғи жолмен, ерікті сұхбат арқылы тәрбиелеуді, оны дінге шақыруда да ешқандай зорлық немесе қысым жасауға болмайтындығын ескертеді. Қорыта айтқанда, конвенционализм

адамның қандай болмыс екендігі, өмір сүру ортасы мен тіршілігінің мәні, әлемдегі орны мен мақсаты туралы оның болмысын нақтылайтын тиянақты жауаптар айтылған. Бұл жауаптардың барлығы адамның рухы мен көңіліне қатысты психологиялық құбылыстар мен қуаттарды түсінікті әрі қарапайым тілмен берген. конвенционализм үндеуі адам санасына, рухы мен ақылына арналған. Сондай-ақ төзімділікке мағыналас ұғымдар: либералдық, жұмсақтық, талап етпеушілік, шыдамдылық т.б.

Ислам діні мен мәдениетінің, фәлсафаның қазақ топырағында тамырлануы туралы сөз болғанда біз мынаған назар аударуға тиіспіз: Қазақстан өзінің географиялық орналасу жағынан евроазиялық, Батыс пен Шығысты жалғастырушы, Шығыс – Жерорта теңізі мәдениеті кеңістігі ауқымындағы транзиттік мемлекет болып табылады. Сондықтан ол діннің біздің елімізде қарқынды дамуының бірден-бір себебі осы болып табылады.

XXI ғасырда Қазақстан Республикасында діни төзімділік мәселесі біраз тоқырауларға ұшырады. Ол әсіресе әртүрлі эстремистік топтардың іс-қимылдарынан орын алды. Сол себептен мемлекеттік тұрғыда, жүйелі түрде Қазақстан халқын қорғайтын дін саласына байланысты заңнамаларды күшейту қажеттігі туындап отыр.

Әлемдік діндердің шын мағынасына бойлағанда, қайсысының болмасын түпкі негізінде гуманизм және өмір философиясы жатыр.

Жалпы діни төзімділік пен кеңпейілдікті негізге алған Ислам дінінде біреуді өз сеніміне күштеп кіргізу, қинау атымен болмаған.

Қорыта келгенде, Ислам діні өзге дін өкілдерімен қатар өмір сүргенде бейбітшілікті, ымыраластықты, өзара татулық пен діни төзімділікті негізге алуға үндейтінін көреміз. Жалпы алғанда әлемдік діндердің қай-қасысының да өзегінде ұлтына, сеніміне, нәсіліне қарамас-тан адамды сүю, бір Жаратушыға сену, ізгілікті қағидаларды ұстану, діни төзімділік идеялары жатқаны анық.

Бұл әлемге өзін дінаралық әрі мәдениетаралық татулықты жақтайтын ел ретінде танылған Қазақстан республикасы үшін де аса маңызды. Елімізде мекендеп жатқан 70 пайыз мұсылман дінінің өкілдері үшін өзге дін өкілдерімен ынтымақ жарастырып, ұлттар татулығын сақтауда діндер тарихында кездескен діни төзімділіктің үлгілерін өнеге ету күн тәртібіндегі мәселе екені белгілі.

Әдебиеттер

- 1 Бромлей Ю.В. Этнос и этнография. – М.: Наука, 1979.
- 2 Гумилев Л.Н. Этногенез және жер биосферасы. — АСТ, Астрель, 2005.
- 3 Наурызбай Ж.Ж. Төзімділік мәселесін теориялық-әдіснамалық талдау. – Алматы, 2000.
- 4 Клепцова Е.Ю., Лебедева Н.М. Формирование толерантного поведения студентов среднего профессионального образования на основе интеркультурного подхода. – М.: Наука, 2003.
- 5 Дмитрева Г.Д. Формирование толерантности в межличностных отношениях студентов высшего учебного заведения: дисс. канд. пед. наук., Курган, 2000. – 189 с.
- 6 Аристотель. Этика Аристотеля. – СПб., 1908.
- 7 См Антология мировой философии. В 4-х тт. – Статьи: Фома Аквинский. – М., 1969-1972.
- 8 Эразм Роттердамский. Философские произведения. – М, 1986.
- 9 Смит А. Исследование о природе и причинах богатства народов. – М., 1962.
- 10 Юм Д. Трактат о человеческой природе в 2-х т. – Т. 2. – М., 1995.
- 11 Руссо Ж.-Ж. Об общественном договоре или Принципы политического права. – М.,1938.- 124 с. Руссо Ж.-Ж. О причинах неравенства. – СПб., 1907.
- 12 Шопенгауэр А. Свобода воли и нравственность. – М., 1992.
- 13 Кант И. Сочинения в 6-ти т. – М, 1963-1966.
- 14 См.: Геге И.В. Страдания Юного Вертера. Соч. в 2-х т. – Т. 1. – М., 1985.
- 15 См.: Ясперс К. Духовная ситуация времени // Ясперс К. Смысл и назначение истории. – М., 1991.
- 16 См: Сартр Ж. П. Первичные отношения к другому: любовь, язык, мазохизм / Проблема человека в западной философии. – М., 1988.; Сартр Ж. П. Экзистенциализм – это гуманизм // Сумерки богов. – М., 1990. См.: Камю А. Бунтующий человек. – М., 1990.
- 17 См.: Витгенштейн Л. Логико-философский трактат // Людвиг Витгенштейн. Философские работы в 2-х ч., 4.1. – М., 1994.
- 18 Уайтхед А.Н. Наука и современность // Избранные работы по философии. – М., 1990.
- 19 Aydin M. Dinlerarasi diyalog: mahiyet, ilkeler ve tartismalar. – Istanbul: Pinar yayinlari, 2008. – 335 s.

References

- 1 Bromley Y.V. Ethnos and Ethnography. – М.: Nauka, 1979.
- 2 Gumilyov L.N. Ethnogenesis and The Biosphere. – AST, Astrel 2005.
- 3 Nauryzbai Zh. Zh. Tolerance analysis of the theoretical and methodological issues. – Almaty, 2000.
- 4 Klepcova E.Ju., Lebedeva N.M. Formirovanie tolerantного povedeniya studentov srednego professional'nogo obrazovaniya na osnove interkul'turnogo podhoda. – М.: Nauka, 2003.
- 5 Dmitreva G.D. Formirovanie tolerantnosti v mezhlichnostnyh otnosheniyah studentov vysshego uchebnogo zavedeniya: diss. kand. ped. nauk., Kurgan, 2000. – 189 s.
- 6 Aristotel'. Jetika Aristotelja. – SPb., 1908.
- 7 Sm Antologija mirovoj filosofii. V 4-h tt. – Stat'i: Foma Akvinskij. – М., 1969-1972.
- 8 Jerazm Rotterdamskij. Filosofskie proizvedeniya. – М, 1986.
- 9 Smit A. Issledovanie o prirode i prichinah bogatstva narodov. – М., 1962.
- 10 Jum D. Traktat o chelovecheskoj prirode v 2-h t. – Т. 2. – М., 1995.
- 11 Russo Zh.-Zh. Ob obshhestvennom dogovore ili Principy politicheskogo prava. – М.,1938.- 124 s. Russo Zh.-Zh. O prichinah neravenstva. – SPb., 1907.
- 12 Shopengaujer A. Svoboda voli i nrvastvennost'. – М., 1992.
- 13 Kant I. Sochineniya v 6-ti t. – М, 1963-1966.
- 14 Sm.: Gete I.V. Stradanija Junogo Vertera. Soch. v 2-h t. – Т. 1. – М., 1985.
- 15 Sm.: Jaspers K. Duhovnaja situacija vremeni // Jaspers K. Smysl i naznachenie istorii. – М., 1991.
- 16 Sm: Sartr Zh. P. Pervichnye otnosheniya k drugomu: ljubov', jazyk, mazohizm / Problema cheloveka v zapadnoj filosofii. – М., 1988.; Sartr Zh. P. Jekzistencializm – jeto guma'nizm // Sumerki bogov. – М., 1990. Sm.: Kamju A. Buntujushhij chelovek. – М., 1990.
- 17 Sm.: Vitgenshtejn L. Logiko-filosofskij traktat // Ljudvig Vitgenshtejn. Filosofskie raboty v 2-h ch., 4.1. – М., 1994.
- 18 Uajthed A.N. Nauka i sovremennost' // Izbrannye raboty po filosofii. – М., 1990.
- 19 Aydin M. Dinlerarasi diyalog: mahiyet, ilkeler ve tartismalar. – Istanbul: Pinar yayinlari, 2008. – 335 s.